



Бөлетемін  
«Сырдария» университетінің ректоры  
С.Д.Мамраимов  
2020 жыл.

## **«Сырдария» университетінің 2020-2022 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу және жоюға арналған ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ**

### **СТРАТЕГИЯЛЫҚ ТЕЗИСТЕР:**

1.«Сыбайлас жемқорлық – жай құқық бұзушылық емес. Ол мемлекеттің тиімділігіне деген сенімге нұқсан келтіреді және ұлттық қауіпсіздікке тікелей қауіп төндіреді. Біз сыбайлас жемқорлықпен күресті, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы жетілдіру арқылы, түпкі мақсатымыз – жемқорлықты құбылыс ретінде жою үшін шұғыл түрде күшейтуге тиіспіз».

«Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2012 жылғы 14 желтоқсан.

2.«Сыбайлас жемқорлық - бұл мемлекеттің дамуын тежейтін кері күш, ол қоғамда өзара сенім мен мемлекеттің қауіпсіздігіне қатер төндіретін құбылыс. Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйелі жұмыс жүргізетін боламыз».

Қазақстан Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2019 жылғы 12 маусымдағы Ұлықтауда сөйлеген сөзінен.

## **ТҰЖЫРЫМДАМА:**

- 1.ОПҚ мен білім алушыларды сыбайлас жемқорлықпен күреске кешенді әрі ауқымды тарту;
- 2.Университетте сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және жою бойынша мақсатты, нақты жұмыстар жүргізу;
- 3.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметті ұйымдастыру, маңызды заңнамалық бастамалар пакетін қабылдау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда жұртшылықтың рөлін күшейту;
- 4.Мемлекет басшысының берік ұстанымы мен Үкіметтің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының нәтижелерін жұмыстың бастауы ретінде қабылдау;
- 5.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың енгізілген тетіктерін іс жүзінде іске асыруды қамтамасыз ету;
- 6.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың жаңа құралдарын пысықтауды жалғастыру;
- 7.Сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілікті күшейту;
- 8.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жобалардың жұмысын жүйелеу және арнайы мониторингтік топтардың және «Адалдық алаңы» («Сыбайлас жемқорлықтан азат аймақтар») жобалық кеңсесінің құқықтық мәртебесін күшейту жолымен қоғамдық бақылауды кеңейту;

9. Жоғары оқу орнында Академиялық адалдық лигасының қағидаттары мен талдамалық құралдарын енгізу – студенттердің шығарылымы, бағалау медианасы жетімділігі, дәйексөз салу ережелері, антиплагиат және басқалар.

10. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәдениетін қалыптастыру және білім берудің барлық деңгейлерінде парасаттылық идеологиясын ілгерілету жөніндегі міндетті оқу пәнін енгізу.

11. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жобалар мен акциялар:

11.1 Жалпы республикалық «Парасаттылық сағат» акциясы;

11.2 «Адалдық сағаты»;

11.3 «Адал ұрпақ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысы;

11.4 «Sanaly ырақ» («Саналы ұрпақ») жобасы.

11.5 Академиялық адалдық лигасы;

11.6 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің негіздері» пәнін енгізу;

11.7 «Таза сессия» акциясы;

11.8 Жоғарғы оқу орындарының сайттарында студенттер мен олардың ата-аналарына арналған «Ректордың виртуалды қабылдауы», «Ректордың блогы», «Сенім жәшігі», «Сенім телефонының» ашылуы.

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТТЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗІ

Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын реттейтін заңнама түрлі деңгейдегі құқықтық актілердің жиынтығын білдіреді – халықаралық шарттар, кодекстер, заңдар, Президент жарлықтары, Үкімет қаулылары, министрліктер мен ведомстволардың бұйрықтары, жергілікті атқарушы органдардың шешімдері. Олардың ішінде «Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясын ратификациялау туралы» 2008 жылғы 4 мамырдағы №31-IV Заң, «Қазақстан Республикасы мен Еуропа Кеңесі арасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттер тобы өкілдерінің және бағалау топтары мүшелерінің артықшылықтары мен иммунитеттеріне қатысты келісімді ратификациялау туралы» 2019 жылғы 30 желтоқсандағы №299-VI ҚРЗ Заңы, Қылмыстық кодекс, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс, «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қоғамдық кеңестер туралы», «Ақпаратқа қол жеткізу туралы», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы», «Құқық қорғау қызметі туралы» заңдар және Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 174 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы ашықтықты және айқындықты қамтамасыз ету жөніндегі жемқорлыққа қарсы стандарты негіз болып табылады.

Университет Ғылыми кеңесінің 28 тамыз 2020 жылғы №1 мәжілісінде қайта қаралып, бекітілді.

Тәрбие жұмыстары және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор




Абенова Л.У.

Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор
















Абдуразова П.Ә.

Кадр бөлімінің басшысы



Досан Ү.Н.

Сапа менеджменті, аккредиттеу және мониторинг бөлімінің басшысы		Абдуллаева Ж.Д.
Оқу-әдістемелік басқарма басшысы		Оралова З. М.
«Филология және гуманитарлық білім» факультетінің деканы		Мейірбеков М.Б.
«Жаратылыстану» факультеті деканының міндетін атқарушы		Исаева К. А.
«Дизайн және өнер» факультеті деканының міндетін атқарушы		Сапарбаева Ұ. Ә.
«Дене тәрбиесі және спорт» факультетінің деканы		Мырзабек Л. Ә.
«Заңтану, экономика және қашықтықтан оқыту» факультетінің деканы		Елшібаев С.К.
«Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру» бөлімінің басшысы		Токмурзаев Б.С.
Студенттерге қызмет көрсету орталығының басшысы		Абуова Б.У.
Ақпараттық және инновациялық технологиялар орталығының басшысы		Шпенглер С.А.
Жастар бөлімінің басшысы		Бектеміс М.М.
Тіркеу офисінің басшысы		Жанаева А. Н.
Заңгер		Малдыбекова А. С.